



көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

12 "Көлік және байланыс" функционалдық тобындағы 1 "Автомобиль көлігі" ішкі функциясындағы 274 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органы" бағдарламалар әкімшісі бойынша 052 "Орал қаласы ауданында Орал өзені арқылы көпір салу үшін темір бетондық көпір конструкцияларын сатып алу" бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"052 Орал қаласы ауданында Орал өзені арқылы көпір салу үшін құрылыс материалдарын және конструкциялар сатып алу"

15 "Ресми трансферттер" функционалдық тобындағы 1 "Ресми трансферттер" ішкі функциясындағы 105 "Әкім аппараты" бағдарламалар әкімшісі бойынша 054 "Облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын трансферттер" бағдарламасындағы 030 "Аудандық (қалалық) бюджеттерге алынатын мақсатты трансферттер" кіші бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"030 Аудандық (қалалық) бюджеттерге алынатын мақсатты инвестициялық трансфертер".

2. Заң қызметі департаменті (Қ. Әбдіқалықов) және Мемлекеттік бюджет департаменті (Б. Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Премьер-Министрдің орынбасары

Қаржы министрі